

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 6 ақпандағы № 53 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 6 ақпандағы № 16 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 ақпанда № 31858 болып тіркелді

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17834 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғаларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес республикалық палаталарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бонитерлерге (сыныптаушыларға) арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес техник-ұрықтандырушыларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 9 және 10-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ А. Куантыров

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексеруді (бұдан әрі – жіберілген хабарламалар

бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізу кезінде бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалар, республикалық палаталар, бонитерлер (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар, эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар;

2) болмашы бұзушылық – асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды құжаттаманы және есептілікті ұсынбау не оларды есепке алуды уақтылы жүргізбеу бөлігінде бұзу;

3) елеулі бұзушылық – асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, үй-жайлардың, оның ішінде зертханалық, өндірістік және карантиндік үй-жайлардың, зертханаларның, ветеринариялық-санитариялық өткізетін орынның, оқшаулағыштың, ақаусыз зертханалық және криогендік жабдықтың, асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ветеринариялық паспорттарының, штатта тиісті мамандықтары бойынша мамандардың, жануарларды селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркеу, асыл тұқымды жануарлар басының саны, тұқымдық және сыныптық құрамы туралы деректерді асыл тұқымды жануарлардың тізіліміне енгізу бойынша талаптарды бұзу;

4) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы заңнамасында белгіленген, " Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде жеке және заңды тұлғалардың бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген асыл тұқымдық өнімді (материалды) асыл тұқымдық куәлік бермей өткізуі, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің республикалық палатада тіркелмеген асыл тұқымды жануарлардан алынған ұрықтар мен эмбриондарды пайдалануы бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыратын талаптарды бұзу.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің (бұдан әрі – тәуекел дәрежелері) біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) үшін жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

2-тарау. Бақылау субъектілеріне жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау субъектілерінің (объектілеріне) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне (объектілеріне) асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне (объектілеріне) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғалар және республикалық палаталар жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бонитерлер (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар, эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

6. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

7. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар);

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

2) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

8. Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға 1-қосымшада көрсетілген.

Жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуге арналған субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 2-қосымшада көрсетілген.

9. Осы Өлшемшарттардың 7-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар үш бұзушылық дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

10. Осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

11. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу қағидатын іске асыру және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 19 және 20-

тармақтарында айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босатылады.

12. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда ауыстырылады:

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

2) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса.

13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

14. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

15. Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

16. Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP2 \times 100/SP1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

17. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес кәсіпкерлік субъектісін белгілі бір тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін негіз болып табылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

18. Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бір бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне арналған графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды қосуға жол берілмейді.

19. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына ең көбі бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі ең көбі екі жылда бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі ең көбі үш жылда бір рет болып айқындалады.

20. Бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына екі реттен жиі болмау керек.

21. Жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексерулер Кодекстің 144-бабы 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру графигінің негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабы 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып жүргізілетін профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы
және балара шаруашылығы
саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттары

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
Асыл тұқымдық орталықтар		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді (материалды) тіркеудің болуы	болмашы
Дистрибьютерлік орталықтар		
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді (материалды) тіркеудің болуы	болмашы
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғалар		
3.	Жануарлардың жеке нөмірлерінің болуы	өрескел
4.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында жануарларды тіркеудің болуы	елеулі

5.	Асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық куәлігінің және ресімделген карточкаларының болуы	өрескел
6.	Республикалық палатада тіркелген асыл тұқымды жануарларды бонитерлеудің жиынтық ведомосінің болуы	өрескел
7.	Асыл тұқымды жануарлар басының саны, асыл тұқымды жануарлар басының тұқымдық және сыныптық құрамы туралы деректердің асыл тұқымды жануарлар тізіліміне енгізілуі	елеулі
Республикалық палаталар		
8.	Асыл тұқымды жануарлар тізілімі деректерінің асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ұсынылуы	елеулі
9.	Берілген асыл тұқымдық куәліктерді есепке алу тізілімінің болуы	болмашы
10.	Жойылған асыл тұқымдық куәліктерді есепке алу тізілімінің болуы	болмашы
11.	Деректері асыл тұқымды кітапқа енгізілген асыл тұқымды жануарлар тізілімінің болуы	болмашы
12.	Бекітілген нысан бойынша асыл тұқымды жануардың мәртебесін беруді есепке алу журналының болуы	болмашы
Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
13.	Асыл тұқымды жануарлар тізілімінде дұрыс емес мәліметтердің болуы	өрескел
14.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында дұрыс емес мәліметтердің болуы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері		
15.	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген бұзушылықтарды жою туралы ұсынымның орындалуы бойынша ақпараттың ұсынылмауы	өрескел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		

16.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілеріне бір және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	елеулі
-----	--	--------

Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
Бақылау субъектілеріне қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері		
Бонитерлер (сыныптаушылар)		
1.	"Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның болуы	елеулі
2.	Жануарлардың тиісті түрі бойынша бонитерлердің (сыныптаушылардың) оқыту курстарынан өткендігі туралы құжаттың болуы	елеулі
Техник-ұрықтандырушылар		
3.	"ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның немесе техник-ұрықтандырушының оқыту курстарынан өткені туралы құжаттың немесе осы бейін бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілін растайтын құжаттың болуы	елеулі
4.	Зертханалық үй-жайдың болуы	елеулі
5.	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы	елеулі
6.	Құрал-саймандардың болуы	елеулі
7.	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы	елеулі
Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар		
8.	"ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның болуы	елеулі

9.	Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі маманның оқу курстарынан өткендігі туралы құжаттың болуы	елеулі
10.	Зертханалық үй-жайдың болуы	елеулі
11.	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы	елеулі
12.	Құрал-саймандардың болуы	елеулі
13.	Ақаусыз криогендік және технологиялық жабдықтың болуы	елеулі
Асыл тұқымдық орталықтар		
14.	Асыл тұқымды тұқымдық жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлардың болуы	елеулі
15.	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын төменгі температурада қатыруға және сақтауға арналған зертхананың болуы	елеулі
16.	Ветеринариялық-санитариялық өткізу орнының болуы	елеулі
17.	Карантиндік үй-жайдың болуы	елеулі
18.	Оқшаулағыштың болуы	елеулі
19.	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы	елеулі
20.	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы	елеулі
21.	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың барын растайтын асыл тұқымдық куәліктердің болуы	өрескел
22.	Асыл тұқымды тұқымдық жануарларға сәйкестендіру жүргізілгендігін растайтын ветеринариялық паспорттардың болуы	елеулі
23.	Асыл тұқымды жануарларды бағалаудың жиынтық ведомосінің болуы	өрескел
Дистрибьютерлік орталықтар		
24.	Стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайлардың болуы	елеулі
25.	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы	елеулі
26.	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы	елеулі
Рассталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		

27.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы біліктілік талаптарына сәйкессіздік мәселелері бойынша бір және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	елеулі
-----	--	--------

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2023 жылғы 6 ақпандағы
 № 16 мен
 Қазақстан Республикасының
 Ауыл шаруашылығы министрі
 2023 жылғы 6 ақпандағы
 № 53 бірлескен бұйрығына
 2-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің орынбасары –
 Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы министрінің
 2018 жылғы 29 қарашадағы
 № 481 және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2018 жылғы 29 қарашадағы
 № 89 бірлескен бұйрығына
 2-қосымша

Асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты
 Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық
 бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

—

 Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық
 бақылауды тағайындау туралы акті _____

—

 (№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді (материалды) тіркеудің болуы		

Лауазымды адам (дар) _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

қатысты

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді (материалды) тіркеудің болуы		

Лауазымды адам (дар) _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы

№ 53 бірлескен бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғаларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті _____

(№, күні)
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Жануарлардың жеке нөмірлерінің болуы		
2	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың		

	ақпараттық базасында жануарларды тіркеудің болуы		
3	Асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық куәлігінің және ресімделген жеке карточкаларының болуы		
4	Республикалық палатада тіркелген асыл тұқымды жануарларды бонитерлеудің жиынтық ведомосінің болуы		
5	Асыл тұқымды жануарлар басының саны, тұқымдық және сыныптық құрамы туралы деректерді асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тізіліміне енгізу		

Лауазымды адам (дар) _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

Республикалық палаталарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға асыл тұқымды жануарлар тізілімінің деректерін ұсыну		
2	Берілген асыл тұқымдық куәліктерді есепке алу тізілімінің болуы		
3	Жойылған асыл тұқымдық куәліктерді есепке алу тізілімінің болуы		
4	Асыл тұқымды мал тізілімінің болуы, ол туралы деректердің асыл тұқымды кітапқа енгізілуі		
	Бекітілген нысан бойынша асыл тұқымды мал мәртебесін беруді		

Лауазымды адам (дар) _____
лауазымы қолы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

Бонитерлерге (сыныптаушыларға) арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	"Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "Ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның болуы		
2	Ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрі бойынша бонитерлердің (жіктеуіштерді) оқыту курстарынан өткендігі туралы құжаттың болуы		

Лауазымды адам (дар) _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

Техник-ұрықтандырушыларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ катысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	"Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның немесе техник-ұрықтандырушының оқыту курстарынан өткені туралы құжаттың немесе осы бейін бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілін растайтын құжаттың болуы		
2	Зертханалық үй-жайдың болуы		
3	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы		

4	Құрал-саймандардың болуы		
5	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы		

Лауазымды адам (дар) _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
8-қосымша

Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	"Ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның болуы		
2	Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі оқу курстарынан өткендігі туралы құжаттың болуы		
3	Зертханалық үй-жайдың болуы		
4	Бақылау-өлшеу аспаптарының болуы		
5	Құрал-саймандардың болуы		
6	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы		

Лауазымды адам (дар)

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
9-қосымша

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 481 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы
№ 89 бірлескен бұйрығына
9 қосымша

Асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Асыл тұқымды тұқымдық жануарларды күтіп-бағуға арналған қора-жайлардың болуы		
2	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын төменгі температурада қатыруға және сақтауға арналған зертхананың болуы		

3	Ветеринариялық-санитариялық өткізу орнының болуы		
4	Карантиндік үй-жайдың болуы		
5	Оқшаулағыштың болуы		
6	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы		
7	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы		
8	Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың барын растайтын асыл тұқымдық куәліктердің болуы		
9	Асыл тұқымды тұқымдық жануарларға сәйкестендіру жүргізілгендігін растайтын ветеринариялық паспорттардың болуы		
10	Асыл тұқымды жануарларды бағалаудың жиынтық ведомосінің болуы		

Лауазымды адам (дар) _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
Бақылау субъектісінің басшысы _____
лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 16 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 6 ақпандағы
№ 53 бірлескен бұйрығына
10-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 29 қарашадағы

Дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес

_____ қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайлардың болуы		
2	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы		
3	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы		

Лауазымды адам (дар) _____

лауазымы қолы

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ